

РЕШЕНИЕ
Единственного участника
ТОО «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest»

город Астана

№ 8/н

«9» февраля 2024 года

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», постановлением акимата города Нур-Султан №502-274 от 7 февраля 2022 года «Об определении товарищества с ограниченной ответственностью «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest» управляющей компанией специальной экономической зоны», постановлением акимата города Астаны в управлении акционерными обществами и товариществами с ограниченной ответственностью» от 23 сентября 2011 года №16-169п, а также руководствуясь Положением о ГУ «Управление по инвестициям и развитию предпринимательства города Астаны», единственный участник товарищества с ограниченной ответственностью «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest», в лице руководителя Управления по инвестициям и развитию предпринимательства города Астаны Акимжанова Х.Р.,

РЕШИЛ:

1. Утвердить устав товарищества с ограниченной ответственностью «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest» в новой редакции, согласно приложения к настоящему решению.
2. Настоящее решение вступает в силу с момента его подписания.

Единственный участник,
Руководитель
ГУ «Управление по инвестициям
и развитию предпринимательства
города Астаны»



Х. Акимжанов

Устав
товарищества с ограниченной ответственностью
«Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest»

Астана
2024 год

«Астана қаласының
Инвестициялар және кәсіпкерлікті
дамыту басқармасы» ММ жалғыз
қатысушының шешімімен бекітілді

«09» 02 2024 жыл

**«AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қатысушы) болып табылады, БСН 010840001484, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, А.Мамбетов көшесі, №3.

3. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады, дербес балансы, банк шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттеме алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

4. Серіктестіктің өз атауы жазылған бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

5. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Серіктестік басқа заңды тұлғалармен бірлестіктер (одақтар) болуға, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

7. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен серіктестік өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және серіктестік атынан және оның тапсырмасы бойынша олар туралы ереженің негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2. Серіктестіктің фирмалық атауы, орналасқан жері және мекенжайы

8. Серіктестіктің фирмалық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest».

9. Серіктестіктің орналасқан жері және Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Азербайжан Мамбетов көшесі, 24 ғимарат.

10. Серіктестік орташа жылдық саны 100 (жүз) адамнан аспайтын және орташа жылдық табысы үш жүз мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3. Серіктестік қызметі, мақсаттары, түрлері мен функциялары

11. Серіктестіктің негізгі міндеттері:

1) Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі-МЖӘ) қағидаттарын ұстана отырып, Қазақстан Республикасының астанасына инвестициялар тарту жөніндегі іс-шараларды (жобаларды) іске асыруға жәрдемдесу;

2) экономиканың жаңа өсу нүктелерін қалыптастыру үшін қаланың басым секторларына тұрақты шолу және зерттеулер жүргізу;

3) инвестицияларды тарту мәселелері бойынша түрлі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

4) өз қызметі шеңберінде Қазақстандық, шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

5) Қазақстандық және шетелдік ұйымдардың қатысуымен инвестициялық және бизнес-форумдар, семинарлар, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізу және халықаралық инвестициялық іс-шараларға қатысу;

6) Астана қаласының кәсіпкерлерімен әріптестік бағдарламаларды ұйымдастыру және сүйемелдеу;

7) Астана қаласының аумағында арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету (бұдан әрі - АЭА).

12. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаттары:

1) Астана қаласының Инвестициялар (отандық және шетелдік) тарту жүйесін құруға жәрдемдесу;

2) МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу;

3) Астана қаласы кәсіпорындарының экспорттық қабілетін дамыту бойынша ақпараттық талдау жұмысын жүргізу;

4) Өнімді сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу;

5) Астана қаласының Қазақстандық брендін қолдаудың қалалық жүйесін құру;

6) Астана қаласының (бұдан әрі - АЭА) аумағында арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету;

7) АЭА-ға инвестициялар тарту;

8) АЭА-ның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

13. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

1) холдинг компанияларының қызметі (ОКЭД 64200);

2) Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру (ОКЭД 70221);

3) экономикалық қызметті тиімді жүргізуді реттеу және жәрдемдесу (ОКЭД 84130);

4) коммерциялық және кәсіпкерлік ұйымдардың қызметі (ОКЭД 94110).

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялауға жататын қызметті серіктестік тиісті лицензиясы болған жағдайда жүзеге асырады.

Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

14. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функциялары:

1) арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

2) арнайы экономикалық аймақтың басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын қатысушыларына және қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға жер учаскелерін уақытша өтеуді жер пайдалануға (жалға), кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға), уақытша пайдалануға (жалға) немесе уақытша кейінгі пайдалануға (қосалқы жалға) беру және инфрақұрылым объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беру;

2-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салынған объектісі мемлекеттік меншікке берілген жағдайда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша жекеше әріптес болып табылатын арнайы экономикалық аймақ қатысушысының пайдасына уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару;

3) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды жасасу және бұзу;

4) арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының жыл сайынғы есептері негізінде, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті ұсыну;

5) арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушыларын тарту;

6) инфрақұрылым объектілерін салу және арнайы экономикалық аймақтардың өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

7) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына берілмеген жер учаскелерінде бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асыру;

8) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының «бір терезе» қағидасы бойынша жұмыс істеуі үшін қабылдау орындарын ұйымдастыру;

9) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;

10) арнайы экономикалық аймақта жаңа өндірістерді құру бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу;

11) арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және іргелірету жөніндегі іс-шараларды өткізу;

12) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларын ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз ету, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, арнайы экономикалық аймақтар

қатысушыларының мемлекеттік органдар, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру;

13) арнайы экономикалық аймақта өнеркәсіптік – инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту;

14) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларымен, өтініш берушілермен, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларымен «бір терезе» кагидасы бойынша өзара іс-қимыл жасасу мен жұмыс жүргізу және осы кагидатты іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік көрсетілген қызметтерді алған кезде мемлекеттік органдармен және өзге көрсетілетін қызметтерді алған кезде өзге де ұйымдармен өзара іс қимыл жасасу кезінде арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мүдделерін білдіру;

15) коммуналдық логистикалық және сервистік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

16) мемлекеттік жекешелік әріптестік жобаларына қатысу;

17) бизнес – жоспарларды, техникалық экономикалық негіздемені, жобалау-металық құжаттаманы және өзге де жобалау құжаттамасын әзірлеу бойынша қызметтер көрсету;

18) арнайы экономикалық аймақтың аумағында құрылыс – монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру және арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына осындай көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

19) арнайы экономикалық аймақтың аумағын абаттандыру және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

20) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына консалтингтік және маркетингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

21) арнайы экономикалық аймақтың аумағында тұрғызылатын инфрақұрылым және кәсіпкерлік қызмет объектілері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру және инженерингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функциялар жатады.

4. Серіктестікке қатысушының құқықтары мен міндеттері

15. Серіктестік қатысушысы:

1) серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтериясымен және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) серіктестік қызметінен кіріс алуға, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес таза табысты бөлуге қатысуға;

4) серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;

5) серіктестікке қатысу үлесін иеліктен шығару жолымен серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) серіктестік органдарының Заңда және (немесе) серіктестік жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дауласуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

16. Серіктестік қатысушысы:

1) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды сақтауға;

2) құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар енгізуге;

3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) серіктестікке қатысушылардың тізілімі жүргізілген жағдайда осы Жарғының 10-тармағында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ тіркеушіге жазбаша хабарлауға;

5) серіктестік алдындағы өз міндеттемелерін орындауға;

6) серіктестік таратылған жағдайда оның кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі олардың үлесіне сәйкес келетін мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын бюджет кірісіне аударуға және/немесе беруді жүзеге асыруға;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде шаруашылық қызметті жүзеге асыруда серіктестікке ақылға қонымды көмек және жәрдем көрсетуге міндетті.

17. Серіктестікке қатысушының құрылтай шартында және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

5. Серіктестік органдарын құру тәртібі мен құзыреті

18. Серіктестік органдары:

1) серіктестіктің жоғары органы – жалғыз қатысушы;

2) серіктестіктің атқарушы органы – алқалы орган (басқарма);

3) бақылаушы орган-бақылау кеңесі.

19. Серіктестіктің ісі таратылған жағдайда Заңда және осы Жарғыда айқындалған тарату тәртібіне сәйкес серіктестікті басқаруды жүзеге асыратын тарату комиссиясының (таратушының) қарауына беріледі.

20. Серіктестіктің алқалы органының бірауыздан шешімін талап ететін осы Жарғыда көрсетілген кез келген мәселені немесе шешімді серіктестіктің кез келген өзге органы (егер мұндай мәселе серіктестіктің осындай өзге органының қарауына берілсе), сондай-ақ осы Жарғының кез келген өзге ережелеріне қарамастан, бірауыздан шешуге тиіс.

6. Қатысушының құзыреті

21. Қатысушының құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) серіктестіктің жарғысын, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, өзгерту немесе серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) 3-жылдық кезеңге арналған еркін экономикалық аймақтарды дамыту Стратегиясын бекіту;

- 3) серіктестіктің даму жоспарын бекіту және нақтылау;
- 4) серіктестіктің негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) бекіту;
- 5) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттігін немесе атқарушы органның жекелеген мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау;
- 6) серіктестіктің Байқау кеңесінің және (немесе) тексеру комиссиясының (ревизорының) өкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 7) қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;
- 7-1) серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;
- 8) автокөлік құралдарын пайдалану нормативтерін және әкімшілік қызметкерлерді орналастыру үшін алаңдарды айқындау;
- 9) ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа құжаттарды бекіту, атап айтқанда:
 - 9-1) серіктестіктің Байқаушы кеңесі туралы ережесін;
 - 9-2) Басқарма туралы ережесін;
 - 9-3) Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және материалдық көтермелеу туралы ережесін;
 - 9-4) арнайы экономикалық аймақтар аумағында инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл регламентін;
 - 9-5) серіктестіктің жарғысымен бекітілуі серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де қағидалар, ережелерді бекітеді;
- 10) серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдайды;
- 11) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдайды;
- 12) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 13) серіктестікке қатысушының үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдайды;
- 14) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдайды;
- 15) серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдайды;
- 16) серіктестік қатысушылары мен сатып алушыларға серіктестік қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;
- 17) Серіктестіктің қарыздар мен қаржылық көмек беруі және алуы жөнінде шешімдер қабылдау;
- 18) Серіктестіктің қайырымдылық, демеушілік көмекті жүзеге асыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құны жауапкершілігі шектеулі серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті серіктестік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдайды.

7. Атқарушы орган

22. Басқарма серіктестіктің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес серіктестік қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын және қатысушының шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын серіктестіктің атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және ішкі құжаттарда серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған серіктестік қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма шешімдері хаттамалар нысанында, Басқарма төрағасының шешімдері – бұйрықтар мен өкімдер нысанында ресімделеді.

Серіктестік басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін жалғыз қатысушының алдында жауапты болады.

23. Серіктестік басқармасы кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады. Басқарма төрағасын берілген өкілеттіктер шеңберінде жалғыз қатысушының шешімімен не серіктестіктің уәкілетті басқару органы тағайындайды.

24. Басқарма мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана әрекет ете алады. Басқарманың әрбір мүшесі оның мүдделері (немесе оның аффилиирленген тұлғаларының мүдделері) мен серіктестік мүдделері арасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда көзделген тыйымдарды ескере отырып, қактығыстың туындауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасаудан аулақ болуға тиіс, ал ол туындаған жағдайда жалғыз қатысушыны дереу хабардар етуге және тек қана осы Жарғыда әрекет етуге міндетті.

25. Серіктестіктің басқарма төрағасымен жасалған еңбек шартын қатысушы немесе берілген өкілеттіктер шеңберінде серіктестікті басқару жөніндегі уәкілетті орган мақұлдайды және жасалынады.

26. Басқарма мүшелерімен және ішкі тексерушімен (бар болса) еңбек шартын басқарма төрағасы жасайды.

27. Басқарманың мәжілістерді шақыру, өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі және басқа да мәселелер жалғыз қатысушы бекітетін Басқарма туралы Ережесімен айқындалады.

28. Басқарманың құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) серіктестіктің қарыздары мен қаржылық көмек беруі және алуы бойынша шешімдерді алдын ала қабылдау және қатысушыға бекітуге ұсыну;

2) серіктестіктің қайырымдылық, демеушілік көмекті жүзеге асыруы туралы шешімдерді алдын ала қабылдау және қатысушыға бекітуге ұсыну;

3) қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын беру кезінде серіктестік қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимиттерін, өкілдік шығыстар лимиттерін және өзге де лимиттерді айқындау;

4) серіктестіктің Жарғысымен бекітілуі қатысушының, Байқау кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа құжаттарды бекіту;

5) серіктестіктің мыналарға қатысты ішкі құжаттарды бекіту: жеңілдіктер жүйесі және тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау; лауазымдық жалақылық схемасын қоса алғанда, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру құжаттарын бекіту;

6) Қатысушыға жылдық қаржылық есептілікті алдын ала мақұлдау және бекітуге ұсыну;

7) Қатысушы айқындайтын серіктестіктің басқа заңды тұлғаларға және коммерциялық емес ұйымдарға қатысу мәселелерін қарау және оларға басшылық жасау;

8) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз ету;

9) серіктестіктің ұзақ мерзімді даму стратегиясын, серіктестіктің даму жоспары мен бюджеттік жоспарын іске асыру;

10) серіктестіктің бизнес-процестерін ұйымдастыру және серіктестік ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында олардың тиімділігін арттыруға шаралар қабылдау, серіктестіктің шығындарын жабу рәсімдерін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

11) серіктестіктің тауар-материалдық қорларын, негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін қайта бағалау туралы шешім қабылдау;

12) серіктестіктің сотқа немесе төрелік сотқа кез келген талап арыз беруін мақұлдау;

13) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын серіктестік немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

14) серіктестіктің Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

15) серіктестіктің даму жоспарына түзетулер енгізу;

16) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің нәтижесінде серіктестік құны жауапкершілігі шектеулі серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір пайызынан кем болатын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім;

17) қатысушының шешімдерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына (актілеріне, қаулыларына, бұйрықтарына), осы Жарғыға және серіктестік Басқармасы туралы Ережеге сәйкес айқындалатын өзге де функциялар мен міндеттерді орындау.

29. Серіктестік басқармасының төрағасы жалғыз қатысушының (серіктестікті басқарудың уәкілетті органы) және басқарманың шешімдеріне сәйкес лауазымдық функцияларды жүзеге асыратын серіктестіктің атқарушы органының басшысы болып табылады.

30. Басқарма төрағасы өз міндеттемелерін орындау кезінде серіктестік мүддесінде әрекет етеді. Басқарма төрағасы серіктестік қызметінің нәтижелері мен

кабылданған шешімдер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

31. Басқарма төрағасының құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) қатысушы және серіктестік басқармасы шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау;

3) серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес серіктестіктің кадр саясатын жүргізу;

4) бухгалтерлік есептің бақылауын жүргізу;

5) серіктестіктің ұзақ мерзімді даму стратегиясын, серіктестіктің даму жоспары мен бюджеттік жоспарын іске асыру;

6) еңбек тәртібінің қағидаларын бекіту;

7) жалпы жиналыстың, басқарманың шешімдерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес айқындалатын өзге де функциялар мен міндеттерді орындау;

8) серіктестік атынан оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында, оның ішінде мәмілелер, келісімдер, шарттар жасасу кезінде жалға алу және лизинг шарттарын қоса алғанда, сенімхатсыз әрекет етеді, Жарғыға сәйкес мемлекеттік және өзге де ұйымдарда серіктестіктің мүдделерін білдіреді және серіктестік қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады.;

9) серіктестікті ұсыну құқығына сенімхаттар мен өкілеттіктер, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;

10) серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбек шарттарына қол қояды және тәртіптік жаза қолданады;

11) серіктестікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен немесе жалғыз қатысушының келісімі бойынша серіктестіктің құрылымын, жалпы штат саны мен штат кестесін бекітеді, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, басқарма төрағасын, басқарма мүшелерін қоспағанда, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

12) серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, бекітілуі қатысушының және серіктестік басқармасының құзыретіне жатқызылмаған серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ережелер мен ішкі құжаттарды бекітеді;

13) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

14) Қатысушы, серіктестік Басқармасының және Бақылау кеңесінің шешімдерін орындамағаны үшін дербес жауапты болады;

15) серіктестік тиісті сот хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей серіктестікке қатысушыны сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы хабардар етеді;

16) банктік шоттарға қатысты мәселелер;

17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен немесе серіктестіктің ішкі құжаттарымен Басқарма төрағасының құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

32. Басқарма Төрағасы мен әрбір мүшесіне тыйым салынады:

1) қатысушының келісімінсіз серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер жасасуға (сыйға тарту, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т. б. шарттарын қоса алғанда);

2) серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) серіктестікпен қарым-қатынастарда үшінші тұлғалардың атынан немесе мүддесінде әрекет етуге;

4) серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

8. Серіктестіктің байқаушы кеңесі

33. Байқаушы кеңес серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін құрылады.

34. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің қызметі, құзыреті мен өкілеттігі және оның шешімдер қабылдау тәртібі серіктестіктің жарғысында, сондай-ақ қатысушының шешімімен бекітілген қағидаларда және өзге де құжаттарда айқындалады.

35. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелерін Қатысушы белгіленген мерзімге, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды. Байқаушы кеңесі кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады.

36. Байқаушы кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана әрекет ете алады. Ол бір мезгілде серіктестіктің атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

37. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тексеру комиссиясына тиесілі барлық құқықтарға ие.

38. Байқаушы кеңесінің төрағасы оның жұмысын ұйымдастырады, Байқаушы кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді. Байқаушы кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Байқаушы кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Байқаушы кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі осы Жарғыда және Байқаушы кеңесі туралы Ережеде айқындалады.

Байқаушы кеңесі өз шешімдерін сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға құқылы.

39. Байқаушы кеңесінің отырыстарын Байқаушы кеңесінің төрағасы өзінің бастамасы бойынша, Байқаушы кеңесі мүшелерінің, жалғыз қатысушының талабы бойынша немесе серіктестіктің атқарушы органының бастамасы бойынша шақырылады.

Байқаушы кеңесінің отырысында шешімдер отырысқа қатысып отырған байқаушы кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған және Байқаушы кеңесі мүшелерінің бірауыздан шешім

қабылдауға келісімі болмаған жағдайда, Байқаушы кеңесі қарайтын мәселе жалғыз қатысушының қарауына берілуі тиіс.

40. Байқаушы кеңесінің құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Серіктестіктің даму жоспарының орындалуы туралы есебін бекіту;

2) Байқаушы кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің (комплаенс-офицер) функциясын атқаратын қызметкерді айқындау;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құжаттарды бекіту;

5) Комплаенс-офицердің лауазымдық нұсқаулығын бекіту;

6) Серіктестіктің жалғыз қатысушысы мен атқарушы органының құзыретіне кірмейтін серіктестік қызметінің өзге де мәселелері бойынша және де сыбайлас жемқорлыққа қарсы шешімдерін қабылдау.

41. Байқаушы кеңесінің шешімдерін Байқаушы кеңесінің хатшысы ресімдейді.

Байқау кеңесі хатшысының міндеттерін орындау лауазымдарды қоса атқару тәртібімен Серіктестік қызметкеріне жүктелуі мүмкін.

42. Серіктестіктің байқаушы кеңесі өзінің атқарушы органының қызметін бақылауды тиісті дәрежеде жүзеге асырмауы салдарынан жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен үшінші жаққа келтірілген зиян үшін байқаушы кеңестің мүшелері Қазақстан Республикасының Заңнамасына жауап береді.

43. Байқаушы кеңес кез келген уақытта жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Байқаушы кеңес осы мақсатта серіктестіктің барлық құжаттамасын ешқандай кедергісіз көру құқығына ие болады. Байқаушы кеңес талап етуі бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

9. Таза табысты бөлу

44. Серіктестік қатысушысының бір жылғы қызметінің нәтижелері бойынша серіктестік алған таза табысын бөлу серіктестікке қатысушының тиісті жылғы серіктестік қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған шешіміне сәйкес жүргізіледі. Қатысушы таза табысты немесе оның бір бөлігін бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

45. Қатысушы серіктестіктің табысын бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда, қатысушы серіктестіктің жарғылық капиталындағы оның үлесіне сәйкес келетін бөлінетін табысты алуға құқылы. Төлем таза табысты бөлу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының бюджетіне ақшалай нысанда жүргізілуге тиіс.

10. Серіктестіктің қатысушысына, үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

46. Серіктестік қатысушының талап етуі бойынша серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

47. Атқарушы орган қатысушының жазбаша сұрау салуы бойынша серіктестік қызметі туралы ақпаратты шешіммен (қатысушының) белгіленген

мерзімде ұсынады.

48. Үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен көлемі қатысушының шешімімен және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

49. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

11. Серіктестіктің мүлкі және жарғылық капиталының мөлшері

50. Серіктестік мүлкінің меншік иесі болып табылады:

1) қатысушының жарғылық капиталға салымдарынан;

2) алынған табыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да негіздер бойынша сатып алған өзге де мүлік.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.

51. Серіктестіктің жарғылық капиталы 65 355 218 (алпыс бес миллион үш жүз елу бес мың екі жүз он сегіз) теңге 68 тиын құрайды.

12. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

52. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

13. Қорытынды ережелер

53. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысуға рұқсат алу қажет болатын қызмет саласындағы заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсат алынған кезден бастап туындайды және ол алынған, қолданылу мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

Утвержден решением единственного
участника ГУ «Управление по
инвестициям и развитию
предпринимательства» г. Астана
от «09» 02 2024 года

Устав
товарищества с ограниченной ответственностью
«Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest»

1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Городской центр развития инвестиций «AstanaInvest» (далее – Товарищество) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан.

2. Единственным участником Товарищества является Государственное учреждение «Управление по инвестициям и развитию предпринимательства города Астаны» (далее - Участник), БИН 010840001484, место нахождения: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район «Сарыарқа», улица Бейбітшілік, №11.

3. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

4. Товарищество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

5. Товарищество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданский кодексом, Законом Республики Казахстан «О специальных экономических и индустриальных зонах», Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», иными нормативно – правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

